

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | |
|---------------------------------|--|---|--|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | |
| Күні | | | |
| Топ: орта | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - «Менің допшам», «Анасының сөмкесі» сөйлемдерін қолдануға үйрету; - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету: өтініш, алғыс білдіруге оқыту (Рақмет, Өтінемін); | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Достық шеңбері» <i>Міндеті: Психологиялық ахуал орнату және тақырыпты таныстыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед балаларды шеңберге жинап, ортаға Қазақстанның әдемі табиғаты бейнеленген үлкен суретті қояды. «Сәлем, кішкентай достарым! Бүгін біз үлкен, кең еліміз — Қазақстанды аралаймыз. Қарандаршы, біздің жеріміз қандай әдемі! Мұнда биік таулар мен көкпеңбек көлдер бар. Бүгін біз бір-бірімізге көмектесіп, жақсы сөздер айтуды үйренеміз. Саяхатқа дайынсыңдар ма?»</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедпен амандасады. Суретке қарап «Тау», «Су», «Әдемі» деп қайталайды. Саяхатқа дайын екендіктерін білдіріп, қолдарын шапалақтайды.</p> | <p>Бағалау</p> <p>Ресурстар Қазақстан табиғатының суреті, көңілді әуен.</p> |



Негізгі кезең

Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Айна

Негізгі

«Сиқырлы сандық»

Міндеті: Лексикалық тақырып бойынша сөздік қорын молайту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед киіз үй макетінің қасынан сандық тауып алады. «Балалар, бұл сандықтың ішінде не бар екен? Мынау — көк Ту. Мынау — домбыра. Ал мынау — оюлы табақ. Қане, қайталайық: Бұл — Ту. Бұл — домбыра. Біздің Қазақстанымыз осындай бай!»



Негізгі

«Бұл кімдікі?» ойыны

Міндеті: Тәуелдік мағынадағы сөйлемдерді («Менің допшам», «Анасының сөмкесі») қолдану.

Педагог нұсқаулығы: Логопед үстел үстіне кішкентай доп пен қуыршақ-ананың сөмкесін қояды. «Балалар, біреу заттарын ұмытып кетіпті. Мынау кішкентай доп — **менің допшам** (өзіне нұсқайды). Ал мынау әдемі сөмке — **анасының сөмкесі**. Қане, сендер де айтыңдаршы, бұл не?»

Негізгі

«Жайлаудағы би» (Сергіту сәті)

Міндеті: Қимыл мен сөйлеуді ұштастыру, моториканы дамыту.

Балалар сандықтан заттарды кезекпен алып, атын атайды: «Бұл — Ту», «Бұл — дом-бы-ра».

Логопедтің сұрақтарына жауап береді.

Балалар заттарды ұстап көріп: «Менің доп-шам», «Ана-сы-ның сөм-ке-сі» деп фразалық сөйлемді анық айтуға тырысады.

Балалар музыка ырғағымен гүлдей созылып, көбелектей секіреді. «Ұш-ұш», «Кең» деген сөздерді қимылмен бірге айтады.

Киіз үй макеті, сандық, Ту, домбыра, табақ.

Кішкентай доп, ойыншық әйел сөмкесі.

Домбыра әуені.

| | | | |
|-----------------------|--|--|--|
| <p>Негізгі</p> | <p>Педагог нұсқаулығы: «Балалар, біз жайлауға келдік. Мұнда гүлдер көп. Қане, гүлдер сияқты созылайық. Енді көбелек болып ұшамыз: үш-үш-үш! Енді бәріміз бірге айналамыз. Біздің Отанымыз қандай кең!»</p> <p>«Сыпайы қонақ» <i>Міндеті: Мимика мен пантомимика арқылы өтініш, алғыс білдіруді үйрету.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед әженің қуыршағын алады. «Әже бізге бауырсақ бергісі келеді. Одан қалай сұраймыз? Қолымызды жайып, күлімдеп: "Өтінемін, бауырсақ берші" дейміз. Ал алғаннан кейін басымызды иіп: "Рақмет" дейміз. Қане, бәріміз әжеге жылы жүзбен қарайықшы.»</p> | <p>Балалар бет-әлпетімен мейірімділікті көрсетіп, қолдарын созып: «Өті-не-мін, бер», «Рақ-мет» деп анық айтады. Мимика арқылы қуаныштарын білдіреді.</p> | <p>Әже қуыршағы, бауырсақ макеттері.</p> |
| <p>Бекіту</p> | <p>«Жүректен жүрекке» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және рефлексия.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Балалар, біз бүгін Қазақстанды араладық. Сендерге ұнады ма? Кімге көмектестік? Анасына сөмкесін бердік. Әжеге "Рақмет" айттық. Енді бәріміз бір-бірімізге күлімдеп қарап, қол бұлғайық. Сау болыңдар!»</p> | <p>Балалар шеңберге тұрып, сабақтан алған әсерлерін күлкімен, қол бұлғаумен білдіреді. «Маған ұна-ды», «Сау-бол» деп қоштасады.</p> | <p>Күннің суреті (стикерлер).</p> |

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---------------------------------------|--|---|-----------------------|--|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: орта | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - «Менің допшам», «Анасының сөмкесі» сөйлемдерін қолдануға үйрету; - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету: өтініш, алғыс білдіруге оқыту (Рақмет, Өтінемін); | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Достық шеңбері» <i>Міндеті: Психологиялық ахуал орнату және тақырыпты таныстыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед балаларды шеңберге жинап, ортаға Қазақстанның әдемі табиғаты бейнеленген үлкен суретті қояды. «Сәлем, кішкентай достарым! Бүгін біз үлкен, кең еліміз — Қазақстанды аралаймыз. Қарандаршы, біздің жеріміз қандай әдемі! Мұнда биік таулар мен көкпеңбек көлдер бар. Бүгін біз бір-бірімізге көмектесіп, жақсы сөздер айтуды үйренеміз. Саяхатқа дайынсыңдар ма?»</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедпен амандасады. Суретке қарап «Тау», «Су», «Әдемі» деп қайталайды. Саяхатқа дайын екендіктерін білдіріп, қолдарын шапалақтайды.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Қазақстан табиғатының суреті, көңілді әуен.</p> |

Негізгі кезең



Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді.
Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



Негізгі

«Сиқырлы қорап»

педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар сандықтан заттарды кезекпен алып, атын атайды: «Бұл — Ту», «Бұл

Айна

Киіз үй макеті, сандық, Ту, домбыра, табак.

Міндеті: Лексикалық тақырып бойынша сөздік қорын молайту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед киіз үй макетінің қасынан ұорап тауып алады. «Балалар, бұл қораптың ішінде не бар екен? Мынау — көк Ту. Мынау — домбыра. Ал мынау — оюлы табақ. Қане, қайталайық: Бұл — Ту. Бұл — домбыра. Біздің Қазақстанымыз осындай бай!»



«Бұл кімдікі?» ойыны

Міндеті: Тәуелдік мағынадағы сөйлемдерді («Менің допшам», «Анасының сөмкесі») қолдану.

Педагог нұсқаулығы: Логопед үстел үстіне кішкентай доп пен қуыршақ-ананың сөмкесін қояды. «Балалар, біреу заттарын ұмытып кетіпті. Мынау кішкентай доп — **менің допшам** (өзіне нұсқайды). Ал мынау әдемі сөмке — **анасының сөмкесі**. Қане, сендер де айтыңдаршы, бұл не?»

«би» (Сергіту сәті)

Міндеті: Қимыл мен сөйлеуді ұштастыру, моториканы дамыту.

— дом-бы-ра». Логопедтің сұрақтарына жауап береді.

Балалар заттарды ұстап көріп: «Менің доп-шам», «Ана-сы-ның сөм-ке-сі» деп фразалық сөйлемді анық айтуға тырысады.

Балалар музыка ырғағымен гүлдей созылып, көбелектей секіреді. «Ұш-ұш», «Кең» деген сөздерді қимылмен бірге айтады.

Домбыра әуені.

Негізгі

Негізгі

| | | | | |
|---------|---|---|--|-----------------------------------|
| | <p>Педагог нұсқаулығы: «Балалар, біз жайлауға келдік. Мұнда гүлдер көп. Қане, гүлдер сияқты созылайық. Енді көбелек болып ұшамыз: үш-үш-үш! Енді бәріміз бірге айналамыз. Біздің Отанымыз қандай кең!»</p> | | | |
| Негізгі | <p>«Сыпайы қонақ» <i>Міндеті: Мимика мен пантомимика арқылы өтініш, алғыс білдіруді үйрету.</i></p> | Балалар бет-әлпетімен мейірімділікті көрсетіп, қолдарын созып: «Өті-не-мін, бер», «Рақ-мет» деп анық айтады. Мимика арқылы қуаныштарын білдіреді. | | Ана қуыршағы, бауырсақ макеттері. |
| Бекіту | <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед ананың қуыршағын алады. «ана бізге бауырсақ бергісі келеді. Одан қалай сұраймыз? Қолымызды жайып, күлімдеп: "Өтінемін, бауырсақ берші" дейміз. Ал алғаннан кейін басымызды иіп: "Рақмет" дейміз. Қане, бәріміз анаға жылы жүзбен қарайықшы.»</p> <p>«Жүректен жүрекке» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және рефлексия.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Балалар, біз бүгін Қазақстанды араладық. Сендерге ұнады ма? Кімге көмектестік? Анасына сөмкесін бердік. Әжеге "Рақмет" айттық. Енді бәріміз бір-бірімізге күлімдеп қарап, қол бұлғайық. Сау болыңдар!»</p> | Балалар шеңберге тұрып, сабақтан алған әсерлерін күлкімен, қол бұлғаумен білдіреді. «Маған ұна-ды», «Сау-бол» деп қоштасады. | | Күннің суреті (стикерлер). |

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|-------------------------|---|--|-----------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: ересек | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану, ренжу); - Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету; | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Көңілді пойыз» <i>Міндеті: Психологиялық ахуал орнату және тақырыпты ашу.</i></p> | <p>Баланың әрекеті Балалар бір-бірінің иығынан ұстап, «Чух-чух» деп дыбыстап, бөлме ішінде жүреді. «О-тан», «Ел» деген сөздерді логопедпен бірге қайталайды.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Пойыздың дыбысы, макеті немесе суреті.</p> |
| Негізгі кезең | <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед балаларды пойыз болып тізілуге шақырады. «Сәлем, балақайлар! Бүгін біз кең байтақ Қазақстанымыздың сұлу табиғатын көруге ауылға барамыз. Біздің еліміз өте үлкен! Пойыз қалай жүреді? "Чух-чух" дейміз. Ал, кеттік! Біз Отанды аралаймыз!»</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p> | <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> | | <p>Айна</p> |



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



«Бұл кімдікі?»

Міндеті: «Менің», «Сенің» сөздерін және кішірейткіш формаларды түсіну.

Педагог нұсқаулығы: Пойыз тоқтайды. Логопед екі сандықша шығарады. «Балалар, қараңдар! Мынау — **менің** сандығым. Ал мынау — **сенің** сандығың. Сандықтың ішінде не бар? Мынау — доп, ал кішкентайы — **доп-ша**. Қане, "Менің допшам" деп айтайықшы. Ал енді досыңа бер: "Сенің допшаң" де. Кішкентай заттарды еркелетіп айтайық.»

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар заттарды нұсқап: «Ме-нің доп-шам», «Се-нің доп-шам» деп фразаны қайталайды. «Қу-ыр-шак», «Ат-ша» (кішкентай ат) деген сөздерді қолданады.

Екі түрлі сандық, ойыншықтардың үлкен және кіші нұсқалары.

Негізгі

| | | | |
|---------|---|--|---|
| Негізгі | <p>«Кім қуанды, кім ренжіді?» <i>Міндеті: Мимика және пантомимика арқылы эмоцияны көрсету.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед екі сурет көрсетеді (бірінде бала балмұздақ жеп қуанып тұр, екіншісінде ойыншығы сынып ренжіп тұр). «Балалар, Қазақстанда балалар көп. Мына бала доп алды, ол қалай қуанады? Күлімдейміз, қол соғамыз! Ал мына баланың добы жарылып қалды, ол ренжіді. Қабағымызды түйіп, мұңайып көрсетейікші. Қуанамыз! Ренжиміз!»</p> | Балалар логопедке еліктеп, бет-әлпетімен қуанышты және ренішті көрсетеді. «Мен қу-андым», «Мен рен-жідім» деп өз күйлерін атауға тырысады. | Эмоциялар бейнеленген карточкалар. |
| Негізгі | <p>«Жүйрік аттар» (Сергіту сәті) <i>Міндеті: Жалпы моторика мен сөйлеу ритмін ұштастыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Біздің далада тұлпарлар шабады. Қане, атқа мінейік! (Қимылмен көрсетеді). Шап-шап! Тілімізді сақылдатып (цоканье), биікке секірейік. Оңға, солға! Біздің аттар өте жүйрік!»</p> | Балалар бөлме ішінде атпен шапқандай жүгіреді, тілдерімен дыбыс шығарады. «Шап-шап», «Шу-шу» деп айқайлайды. | Домбыра әуені. |
| Негізгі | <p>«Не көріп тұрсың?» <i>Міндеті: Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін құрау.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед терезе макетін көрсетеді. «Біз ауылға келдік. Терезеден не көріп тұрсың? Мынау — дала. Қандай дала? Кең да-ла. Мынау — қала. Үл-кен қала. Мынау — ата. Жақ-сы а-та. Қане, екі сөзді қосып айтайық: "Ақ су", "Көк ту", "Кең жер".»</p> | Балалар суреттерге қарап: «Кең да-ла», «Көк ту», «Ақ сүт», «Жақ-сы а-та» деп екі сөзден тұратын тіркестерді анық айтады. | Терезе макеті, сюжетті суреттер жинағы. |



Бекіту

«Туған жердің гүлі»

Міндеті: Сабақты қорытындылау және кері байланыс.

Педагог нұсқаулығы: «Балалар, саяхат аяқталды. Біз қайда бардық? Ауылға бардық. Не көрдік? Көк туды, кең даланы көрдік. Кімдікі екенін айттық. Егер сендерге саяхат ұнаса, мына әдемі гүлді Қазақстан картасына жабыстырыңдар. Менің елім қандай әдемі!»



Балалар кезекпен келіп, гүлдерді картаға жабыстырады. «Ма-ған ұна-ды», «Ел ә-де-мі» деп жауап береді. Сабақ соңында қоштасады.

Қазақстан картасының макеті, гүл стикерлері.

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|-------------------------|---|--|-----------------------|--|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнұр | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: ересек | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету (қуану, ренжу); - Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін айтуға үйрету; | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Ақ тілекпен қарсы алу» <i>Міндеті: Жазымды көңіл-күй орнатып, жаңа ситуацияға ену.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед басына ақ орамал тағып, «әже» болып балаларды қарсы алады. «Қош келдіңдер, құлындарым! Мен сендерді көп күттім. Біздің Қазақстанның халқы өте қонақжай. Қане, бәріміз бір-бірімізге күлімдеп қарап, "Қош кел-дің" деп айтайықшы. Мен өте қуаныштымын!»</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедпен амандасады. Оң қолдарын кеудесіне қойып, «Сә-лем», «Қош кел-дің» деген сөздерді қайталайды. Логопедке қарап жымияды.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Әженің орамалы, ұлттық нақыштағы декорация.</p> |
| Негізгі кезең | <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p> | <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> | | <p>Айна</p> |



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



«Дәмді бауырсақтар»

Міндеті: Тәуелдік мағына мен кішірейткіш сөздерді бекіту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед ортаға екі табақ бауырсақ (үлкен және кіші) қояды. «Балалар, қараңдаршы, мынау — **менің** табағым. Онда үлкен бауырсақтар бар. Ал мынау — **сенің** табағың, мұнда кішкентай **бау-ыр-сақ-ша-лар** бар. Қане, айтыңдаршы: "Менің бау-ыр-сақ-шам". Ол қандай? Ол тәтті!»

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар табақтарды нұсқап: «Ме-нің бау-ыр-сақ-шам», «Се-нің та-ба-ғың» деп айтады. «Тәт-ті», «Ыс-тық» деген сөздерді қосады.

Үлкен және кіші табақтар, бауырсақ макеттері.

Негізгі



Негізгі

«Ыстық шай - суық су»

Міндеті: Мимика мен пантомимика арқылы эмоция мен сезімді білдіру.

Педагог нұсқаулығы: Логопед кесеге «ыстық шай» құйғандай болады. «Ай, ыстық! (Қолын тартып алып, бетін тыржыйтады). Қане, сендер де ыстықты көрсетіңдерші. Ал мынау суық су (тоңып қалғандай дірілдейді). Енді дәмді тамақ жегенде қалай қуанамыз? "Ммм, дәм-ді!" деп күлімдейміз.»

Негізгі

«Күй ойнайды» (Сергіту сәті)

Міндеті: Ритмді сезіну және кеңістіктегі қозғалыс.

Педагог нұсқаулығы: «Балалар, ауылда той! Қане, домбыраның үнімен билейік. Қолымызды жоғары көтереміз — бұл "құс қанаты". Төмен түсіреміз — "толқын". Біздің биіміз қандай әдемі! Шапалақ ұрамыз!»

Негізгі

«Ақ дастарқан»

Міндеті: Екі буынды сөздермен сөз тіркестерін құрауды жалғастыру.

Педагог нұсқаулығы: Логопед дастарқандағы заттарды көрсетеді. «Балалар, мынау не? Сүт. Сүт қандай? Ақ сүт. Мынау не? Құрт. Құрт қандай? Ақ құрт. Мынау кім? А-та.

Балалар логопедке еліктеп, «Ыс-тық» дегенде бетін тыржыйтып, «Дәм-ді» дегенде күлімдеп, бастарымен мақұлдайды. Қолдарымен «керемет» белгісін көрсетеді.

Балалар домбыра әуенімен қазақ биінің элементтерін салады. «Би ә-де-мі», «Той көп» деп қысқа фразаларды қайталайды.

Балалар суреттерге немесе макеттерге қарап: «Ақ сүт», «Ақ құрт», «Тәт-ті шай», «Жақ-сы а-та» деп екі сөзден тұратын тіркестерді анық айтады.

Кеселер, будың суреті (ыстық мағынасында).

Домбыра әуені (жазба).

Дастарқан, сүт, құрт, шай бейнеленген карточкалар.

Ата қандай? Жақ-сы а-та. Қане, қайталайық: "Ақ сүт", "Ақ күрт", "Тә-ті шай".»



Бекіту

«Әжеге алғыс»

Міндеті: Сабақты қорытындылау және сыпайылық дағдысын бекіту.

Педагог нұсқаулығы: «Балалар, бізге кету керек. Әжеге не айтамыз? "Рақ-мет" дейміз. Біз бүгін не іштік? Тәтті шай іштік. Кімге қонаққа келдік? Ә-же-ге келдік. Егер сабақ ұнаса, әжеге "жүрекше" сыйлаңдар. Сау болыңдар!»

Балалар әжеге «Рақ-мет» айтып, қолдарын бұлғайды. Ойыншық әжеге қағаз жүрекшелерін береді. «Сау-бол», «Ұна-ды» деп қоштасады.

Қағаз жүрекшелер, әже қуыршағы.

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---------------------------------------|---|--|---------------------|--|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: МАД | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Дауыс ырғағы бойынша сөйлемнің мақсатына сәйкес дауыс ырғағын қолдануға үйрету; - Суретке, өз тәжірибесіне немесе ойын барысына сүйене отырып, өз іс-әрекеті мен басқа адамның әрекетін сипаттауға үйрету; | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Тікелей байланыс» <i>Міндеті: Сабақтың тақырыбын ашу және мотивация беру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед қолына ойыншық микрофон алып, балаларды ортаға шақырады. «Сәлеметсіңдер ме, кішкентай тілшілер! Бүгін біздің "Менің Қазақстаным" телеарнасы жұмысын бастайды. Біз бүгін еліміздің ең әдемі жерлеріне барамыз. Қазақстан — біздің үйіміз, біздің Отанымыз. Сендер бүгін көргендеріңді айтып, басқаларға түсіндіресіңдер. Сапарға дайынсыңдар ма? Біз бастаймыз!»</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедке қарап, «Иә, да-йын-быз!» деп жауап береді. Микрофонды ұстап көріп, «Мен тіл-ші-мін» деп қайталайды.</p> | Бағалау | Ресурстар Ойыншық микрофон, «Тілші» жазуы бар бейнелер. |
| Негізгі кезең | <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p> | <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> | | Айна |



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



«Менің елім — мақтанышым»

Міндеті: Тақырып бойынша сөздік қорын (Бәйтерек, Каспий, Медеу) молайту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед тақтаға Астана, Алматы және Маңғыстаудың суреттерін іледі. «Балалар, қараңдар! Мынау — биік Бәйтерек. Ол — Астанада. Мынау — Медеу мұз айдыны. Ол — Алматыда. Ал мынау — көк Каспий. Бұл — біздің байлығымыз. Қайталайық: Бәй-те-рек, Ме-деу, Кас-пий. Қазақстанда жер көп, су көп!»

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар суреттерге қарап, жаңа сөздерді анық айтады: «Би-ік Бәй-те-рек», «Көк Кас-пий», «Ме-деу мұз». Сұрақтарға: «Бұл — Кас-пий» деп толық фразамен жауап береді.

Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттері.

Негізгі



Негізгі

«Сықырлы дауыс»

Міндеті: Сөйлемнің мақсатына қарай (сұрау, хабарлау, таңдану) интонацияны қолдану.

Педагог нұсқаулығы: Логопед карточкаларды көрсетеді (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі бейнеленген). «Балалар, егер мен мына белгіні (!) көрсетсем, "Қазақстан қандай әдемі!" деп таңданып айтыңдар. Ал мынау (?) болса, "Қазақстан әдемі ме?" деп сұраңдар. Ал нүкте (.) болса, "Бұл — менің жерім" деп жай айтыңдар. Дауысымызбен ойнаймыз!»

Негізгі

«Көк тудың желбірегені» (Сергіту сәті)

Міндеті: Жалпы моториканы дамыту және координация.

Педагог нұсқаулығы: «Далада жел соқты. Біздің Көк туымыз желмен тербеледі. Қане, қолдарымызды жоғары көтеріп, оңға-солға тербелейік. Жел қатты соқты: у-у-у! Жел басылды. Жайлап отырамыз. Біздің Ту — биікте!»

Негізгі

«Кім не істеп жатыр?»

Міндеті: Суретке қарап өз әрекеті мен басқаның әрекетін сипаттау.

Педагог нұсқаулығы: Логопед балаларға «Ауылдағы еңбек» суретін береді және өздеріне бір-бір ойыншық ат

Балалар белгілерге қарап, сөйлемдерді тиісті интонациямен қайталайды. Сұраулы сөйлемде дауысты көтеріп, лепті сөйлемде эмоциямен (қуанышпен) айтуға тырысады.


Балалар қолдарын жоғары созып, тербеледі. «У-у-у» деп ұзақ дем шығарады. «Ту би-ік», «Жел соқ-ты» деп қимылдарын сипаттайды.

Балалар суретке және өз ойыншығына қарап: «А-та ат-қа мін-ді», «Мен ат-ты жу-ам (жуамын)», «До-сым ат-қа шөп бер-ді» деп әрекеттерді

Сөйлеу белгілері бар карточкалар.

Кішкентай жалаушалар.


Сюжетті суреттер, ойыншық аттар.

| | | | |
|----------------------|--|--|---|
| <p>Бекіту</p> | <p>береді. «Балалар, қарандаршы, суретте ата атқа мініп барады. Ал сен не істеп жатырсың? "Мен атты сипаймын" де. Ал досың не істеп жатыр? "Ол атқа шөп береді" деп айтшы. Әрекеттерді толық айтайық.»</p>  <p>«Тілшілер қорытындысы» <i>Міндеті: Рефлексия және қорытындылау.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Бүгін біз Қазақстанды араладық. Біздің репортаж аяқталды. Біз не туралы айттық? Биік Бәйтерек, көк Каспий туралы айттық. Кімге сабақ ұнады, микрофонға "Ма-ған ұна-ды" деп айтыңдар. Менің елім — Қазақстан! Сау болыңдар!»</p> | <p>фразалық сөйлеммен сипаттайды.</p> <p>Балалар микрофонды кезекпен алып: «Ма-ған ұна-ды», «Ел ә-де-мі», «Сау-бол!» деп жауап береді. Бүгінгі үйренген жаңа сөздерін атауға тырысады.</p> | <p>Микрофон, «Жұлдызша» стикерлері.</p> |
|----------------------|--|--|---|

Тексерілді _____
әдіскер
« » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | |
|----------------------------|--------------------------|----------------------------|
| <p>Педагогтің аты-жөні</p> | <p>Курманбаева Айнур</p> | |
| <p>Күні</p> | | |
| <p>Топ: МАД</p> | <p>Қатысушылар саны:</p> | <p>Қатыспағандар саны:</p> |

| | | | | |
|---|--|---|-----------------------|---|
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Дауыс ырғағы бойынша сөйлемнің мақсатына сәйкес дауыс ырғағын қолдануға үйрету; - Суретке, өз тәжірибесіне немесе ойын барысына сүйене отырып, өз іс-әрекеті мен басқа адамның әрекетін сипаттауға үйрету; | | | |
| <p>Кезеңдер Ұйымдастыру</p> <p>Негізгі кезең</p> | <p>Педагогтың әрекеті «Эфирге шығу» <i>Міндеті: Сабақтың сюжетін жалғастыру және зейінді тұрақтандыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед қолына теледидардың жақтауын (рамка) ұстап: «Балалар, біздің репортажымыз жалғасады! Бүгін біз ауылға келдік. Ауылда таң ерте ата-әжелеріміз тұрып, жұмыс істейді. Қане, бәріміз эфирге шығайық: "Сә-лем, ау-ыл!" деп айғайлап, қол бұлғайықшы. Біз бүгін ауылдың тыныс-тіршілігін көрсетеміз.»</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппараты дамыту</i></p>  <p>Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш» <i>Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.</i> Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар жақтаудың ішіне кезекпен келіп, «Сә-лем, ау-ыл!», «Мен кел-дім» деп амандасады. Логопедтің соңынан сабақ тақырыбын қайталайды.</p> <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> <p>Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Теледидар жақтауы (картоннан жасалған), микрофон.</p> <p>Айна</p> |

көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



Негізгі

«Кімнің еңбегі?»

Міндеті: Лексикалық қорды (малшы, сауыншы, егінші) молайту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед ауыл адамдарының суреттерін көрсетеді. «Қараңдар, мынау — мал-шы, ол қой бағады. Мынау — сау-ын-шы, ол сиыр сауады. Ал мынау — е-гін-ші, ол бидай егеді. Қазақстанның наны көп! Қайталайық: Мал-шы. Сау-ын-шы. Е-гін-ші. Бұл — үл-кен ең-бек!»



Негізгі

«Дауыспен ойнайық»

Міндеті: Сөйлемнің мақсатына қарай дауыс ырғағын өзгертуді бекіту.

Балалар мамандық иелерін суреттен танып, атауларын буындап айтады: «Мал-шы», «Сау-шы (сауыншы)», «Е-гін-ші». «Нан көп», «Сүт көп» деп фразалар құрайды.

Мамандықтар бейнеленген суреттер (дидактикалық материал).

Балалар кубикке қарап, сөйлемдерді тиісті интонациямен қайталайды. Сұрақты анық

Түрлі белгілері бар кубик.

| | | | |
|---------|--|---|--|
| | <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед кубикті лақтырады. Кубиктің бір бетінде — күліп тұрған күн (лепті), екіншісінде — ойланып тұрған бала (сұраулы). «Егер күн түссе, "Ауыл қандай тамаша!" деп қуанып айтамыз. Ал бала түссе, "Әже қайда?" деп сұраймыз. Дауысымызды өзгертеміз, кәні!»</p> | <p>интонациямен, таңданысты көңілді дауыспен жеткізуге тырысады.</p> | |
| Негізгі | <p>«Еңбекшілер биі» (Сергіту сәті) <i>Міндеті: Моториканы дамыту және әрекеттерді бейнелеу.</i></p> | <p>Балалар логопедтің қимылдарын қайталап, еңбек түрлерін бейнелейді. «Мен піс-тім», «Мен ор-дым» деп әрекеттерін атап өтеді.</p> | <p>Музыка (ритмді домбыра үні).</p> |
| Негізгі | <p>Педагог нұсқаулығы: «Қане, біз де ауылға көмектесейік. Бидайды орамыз (орақпен ору қимылы). Сүт пісеміз (піспекпен пісу қимылы). Оңға, солға иілеміз. Біз күштіміз! Біз еңбекқормыз!»</p> | | |
| Негізгі | <p>«Менің көмегім» <i>Міндеті: Өз іс-әрекеті мен басқаның әрекетін сипаттау.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед балаларға құралдар береді (ойыншық лейка, щетка). «Балалар, мен гүл суарамын. Ал сен не істейсің? (Бір балаға). "Мен атты тазалаймын" де. Ал досың не істеп жатыр? "Ол сиырға су береді" деп айт. Кім не істеп жатқанын эфирде баяндаңдар.»</p> | <p>Балалар ойыншықтармен әрекет жасап: «Мен гүл суар-дым», «Ә-лі ат-ты та-зала-ды», «Са-ра си-ыр-ға су бер-ді» деп сөйлем құрап, бір-бірінің ісін сипаттайды.</p> | <p>Ойыншық жануарлар, лейка, щетка.</p> |
| Бекіту | <p>«Эфирді аяқтау» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және рефлексия.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Біздің ауылдағы күніміз аяқталды. Тілшілер, эфирді жабамыз. Біз бүгін кімдерге көмектестік? Малшыға, әжеге көмектестік. Біздің Қазақстанымыз еңбекқор ел! Егер сендерге сабақ ұнаса, микрофонға "Рақмет" деп айтыңдар. Сау болыңдар!»</p> | <p>Балалар микрофонға келіп: «Ма-ған ұна-ды», «Рақ-мет», «Сау-бол» деп қоштасады. Көңіл-күйлерін бармақпен (like) көрсетеді.</p> | <p>Микрофон, «Алтын дән» стикерлері.</p> |



Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---------------------|---|--|---------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: орта | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету; | | | |
| Кезеңдер | Педагогтың әрекеті | Баланың әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Ұйымдастыру | <p>«Ғажайып ұшақ» <i>Міндеті: Психологиялық ахуал орнату және артикуляциялық мүшелерді дайындау.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Сәлем, достарым! Бүгін біз үлкен, әдемі еліміз — Қазақстанға саяхатқа шығамыз. Міне, біздің ұшағымыз (ойыншық ұшақты көрсетеді). Ұшақ қалай дыбыстайды? "У-у-у" дейікші. Ал енді ернімізді күлімдетіп, Қазақстанның күніне қарап жымияйық. Тілімізді жоғары көтеріп, "төбеге" тигізейік, ұшақ биікке ұшты!»</p> | <p>Балалар логопедке қарап күлімсіреді. Ұшақтың дыбысын салып, «У-у-у» деп қайталайды. Артикуляциялық жаттығуларды (күлімсіреу, тілді жоғары көтеру) еліктеу арқылы орындайды.</p> | | <p>Ойыншық ұшақ, Қазақстанның туы, күннің суреті.</p> |

Негізгі кезең



Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Қаздар ұшады»

Мақсаты: физиологиялық тынысты қалыптастыру.

Логопед нұсқаулығы: Бала баяу жүреді. Дем алғанда қолдарын көтереді, дем шығарғанда «гууу» деп айтады.

педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Айна



Негізгі

«Сыйлықтар керуені»

Міндеті: Лексикалық тақырып бойынша сөздік қорын молайту.

Педагог нұсқаулығы: «Қараңдаршы, алдымыздан киіз үй шықты! Оның ішінде Қазақстанның байлығы өте көп екен. Мынау не? Бұл — алма. Ал мынау — домбыра. Мынау — тұлпар (ат). Қане, қайталайық: Ал-ма. Ат. Домбы-ра. Бұл заттар біздің елде өте көп!»



Негізгі

«Кімдікі?» ойыны

Міндеті: «Менің», «Сенің» сөздерін түсіну мен қолдануды қалыптастыру.

Педагог нұсқаулығы: «Балалар, менің қолымда әдемі тақия бар. Бұл — **менің** тақиям (өзіне нұсқайды). Ал бұл — **сенің** добың (балаға береді). Қане, маған көрсетші, "Менің" дегенде қолыңды кеудеңе қой. Ал "Сенің" дегенде досыңа көрсет. Менің — Қазақстаным! Сенің — Отаның!»

Балалар суреттер мен заттарға қарап, логопедтің соңынан сөздерді немесе буындарды қайталайды: «А-ма», «Ат», «Дом-ра».

Балалар логопедтің қимылын қайталап, «Мә (менің)», «Сә (сенің)» деп айтуға тырысады. Қолдарымен өзін және досын нұсқайды.

Киіз үй макеті, алма, домбыра, аттың мүсіндері.

Тақия, доп, ұлттық нақыштағы ойыншықтар.

| | | | |
|---------|---|---|--|
| Негізгі | <p>«Тұлпарлар жарысы» (Сергіту сәті) <i>Міндеті: Жалпы моториканы дамыту және ритмді сезіну.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Біздің далада жүйрік аттар көп. Қане, атқа мінейікші! "Шу-шу" дейміз. Аттың шапқанын тілімізбен салайық (цоканье). Енді бәріміз бірге секірейік! Алға, шап-шап!»</p> | Балалар орындарынан тұрып, атқа мінгендей қимылдар жасайды. Тілдерін сақылдатып, «Шап-шап», «Шу» деп айтады. | Музыка (домбыра үні). |
| Негізгі | <p>«Еркелету» ойыны <i>Міндеті: Кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Қазақстанда балаларды өте жақсы көреді. Біз заттарды да еркелетейікші. Бұл — күн, ал кішкентай болса — күн-шақ. Бұл — бота, ал кішкентайы — бота-қан. Қарандаршы, ботақан қандай сүйкімді! Оны сипайықшы. Бо-та-қан, кү-нім.»</p> | Балалар ойыншық ботақанды сипап, «Бо-та», «Күн» деп еркелете айтуға тырысады. Сөз соңындағы жұмсақ интонацияны қайталайды. | Ойыншық бота, күннің макеті. |
| Бекіту | <p>«Туған жердің гүлдері» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және рефлексия.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Саяхатымыз аяқталды. Біз бүгін қайда болдық? Қазақстанда! Сендерге ұнады ма? Егер ұнаса, мына гүлді жасыл жайлауға қойыңдар. Менің елім — көркем! Бәріміз бірге: "Мә (мәз), Кө-ке (көп)" деп қуанайық!»</p> | Балалар қолдарындағы гүлдерді кілемшеге (жайлауға) қояды. «Иә» немесе «Мәз» деп эмоцияларын білдіреді. Қазақстан туралы жақсы көңіл-күймен қоштасады. | Жасыл кілемше, қағаздан жасалған гүлдер. |

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---------------------------------|--|--|---------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: орта | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тәуелдік сын есімдер мен кішірейткіш-еркелету сөздерді түсінуін қалыптастыру: «Менің», «сенің» сөздерін көрсету; | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | Педагогтың әрекеті «Сәлем, ауыл!» <i>Міндеті: Эмоционалды байланыс орнату және тыныс алу жаттығуын жасау.</i> Педагог нұсқаулығы: «Балалар, біз ауылға келдік! Қараңдаршы, ауа қандай таза. Мұрнымызбен терең дем алып, гүлдердің иісін иіскейікші (дем алу). Ал енді алыстан әже көрінеді, оған "Сә-лем!" деп айқайлайық. Әже бізге қолын бұлғап жатыр!» | Баланың әрекеті Балалар мұрындарымен дем алып, ауызбен баяу шығарады. Қолдарын бұлғап, «Сә-лем», «Ә-же» деп дауыстап айтады. | Бағалау | Ресурстар Ауыл бейнеленген сурет, әженің қуыршақ бейнесі. |



Негізгі кезең

Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Қаздар ұшады»

Мақсаты: физиологиялық тынысты қалыптастыру.

Логопед нұсқаулығы: Бала баяу жүреді. Дем алғанда қолдарын көтереді, дем шығарғанда «гууу» деп айтады.

педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Айна



Негізгі

«Дәмді дастарқан»

Міндеті: Тағам атаулары арқылы сөздік қорды молайту.

Педагог нұсқаулығы: «Әже бізді дастарқанға шақырды. Мынау не? Бұл — бауырсақ. Иісі қандай керемет! Ал мынау — ақ сүт. Қане, қайталайық: Бау-ыр-сақ. Сүт. Мә, бауырсақ же (балаға ұсынады). Дәмді ме? "Дәм-ді" дейікші.»



Негізгі

«Бұл — менің асым»

Міндеті: Тәуелдік мағынадағы «Менің», «Сенің» сөздерін бекіту.

Педагог нұсқаулығы: «Дастарқанда бәрімізге кесе қойылған. Мынау — **менің** кесем (өзінікін көрсетеді). Ал мынау — **сенің** кесең (баланың алдына қояды). Қане, кесеңді алшы. Бұл кімдікі? "Ме-нікі" деп айтшы. Ал досыңдікі — "Се-нікі".»

Балалар муляж бауырсақтарды ұстап көріп, «Бау-сақ», «Сүт», «Дәм-ді» деген сөздерді немесе соңғы буындарды қайталайды.

Дастарқан, бауырсақ, кесе, сүт (муляждар).

Балалар өз алдындағы кесені нұсқап «Мә (менікі)», досының кесесін нұсқап «Сә (сенікі)» деп жауап береді. Қимылмен меншіктеуді көрсетеді.

Түрлі-түсті кішкентай кеселер (ойыншық).

| | | | |
|-----------------------|--|--|--|
| <p>Негізгі</p> | <p>«Киіз үй құрамыз» (Сергіту сәті) <i>Міндеті: Сөйлеу мен қимылды ұштастыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Қане, бәріміз ауылға үлкен киіз үй тұрғызайық. Қолымызды жоғары көтереміз — бұл шаңырақ. Енді керегесін жаямыз (қолды жан-жаққа созу). Күмпіл-күмпіл, билейміз! Үйіміз биік, үйіміз әдемі болды!»</p> | <p>Балалар логопедтің соңынан қимылдарды қайталайды: қолдарын төбеге біріктіреді, жан-жаққа созады. «Үй», «Би-ік» деп еліктейді.</p> | <p>Музыкалық сүйемелдеу.</p> |
| <p>Негізгі</p> | <p>«Тәтті шай <i>Міндеті: Кішірейткіш-еркелету жұрнақтарын түсіну мен қолдану.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Әже бізге шай берді. Шай емес, "шай-шық" дейікші. Қандай тәтті! Ал мынау кішкентай қасық — "қасық-ша". Қане, шайды араластырайық: тық-тық-тық. Иіскейміз — ах, тәтті шайшық!»</p> | <p>Балалар ойыншық қасықпен кесені араластырып, дыбыс шығарады. «Шай-ша (шайшық)», «Тәт-ті» деп айтуға тырысады.</p> | <p>Ойыншық шай жиынтығы.</p> |
| <p>Бекіту</p> | <p>«Әжеге рақмет» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және кері байланыс.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Бізге ауыл ұнады ма? Әжеге "Рақмет" айтайық. Біз бүгін не жедік? Бауырсақ жедік. Не іштік? Шай іштік. Кімнің елі жақсы? Менің Қазақстаным жақсы! Сау болыңыз, әже!»</p> | <p>Балалар әжемен қоштасып, «Рақ-мет», «Сау-бол» дейді. Бауырсақтың суретін тақтаға жабыстырып, көңіл-күйлерін білдіреді.</p> | <p>Әженің суреті, бауырсақ стикерлері.</p> |

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---------------------------------------|---|--|---------------------|--|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: ересек | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Етістіктің болымды және болымсыз түрін ажырату: «Іш», «Ішпе» сөзін әрекетпен көрсетуге үйрету; - қарым-қатынастық элементарлы ситуацияларына сұрау, алғыс айту, қоштасу үйрету; | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | Педагогтың әрекеті «Көңілді шаңырақ» <i>Міндеті: Сабақтың тақырыбын ашу және жағымды көңіл-күй орнату.</i> | Баланың әрекеті Балалар шаңырақтың астына жиналады. Логопедке қарап күлімсіреді. «Күн» деген сөзді естігенде қолдарын жоғары созып, саусақтарын ашады. | Бағалау | Ресурстар Матадан жасалған шаңырақ, күннің суреті. |
| Негізгі кезең | Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i> | педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды. | | Айна |



Тыныс алу жаттығуы: «Қаздар ұшады»

Мақсаты: физиологиялық тынысты қалыптастыру.

Логопед нұсқаулығы: Бала баяу жүреді. Дем алғанда қолдарын көтереді, дем шығарғанда «гууу» деп айтады.



«Дәм тат» ойыны

Міндеті: «Қазақстан» тақырыбы аясында сөздік қорын (тағамдар) молайту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед үстел үстіне қазақтың ұлттық тағамдарының макеттерін қояды. «Балалар, қараңдар, дастарқанда не бар? Мынау — ірімшік. Ақ ірімшік. Ал мынау — тәтті бал. Қайталайық: І-рім-шік. Бал. Қане, балды қалай жейміз? Тілімізді шығарып, ернімізді жалайық (артикуляциялық жаттығу). Тәтті ме? "Тәт-ті" деңдерші.»

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар тағамдарды нұсқайды. Логопедтің соңынан «Ақ», «Бал», «І-шік» деп қайталайды. Тілмен еріндерін жалап, дәм татқандай қимыл жасайды.

Ірімшік, бал, құрт макеттері немесе суреттері.

Негізгі



Негізгі

«Іш - Ішпе» ойыны

Міндеті: Етістіктің болымды және болымсыз түрін әрекетпен ажырату.

Педагог нұсқаулығы: Логопед екі кесе алады. Біреуіне «таза су» (ойыншық), екіншісіне «кір су» (сұр түсті қағаз салынған) қояды. «Балалар, мынау таза су. Оны **іш** (ішу қимылын көрсетеді). Ал мынау кір су, мұны **ішпе!** (басын шайқап, қолын сермейді). Қане, мен көрсетемін, сендер қайталаңдар. Таза су — іш! Кір су — ішпе!»

Негізгі

«Қозылар мен лақтар» (Сергіту сәті)

Міндеті: Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.

Педагог нұсқаулығы: «Далада қозылар секіріп жүр. Қане, біз де секірейік! "Мә-мә" дейді қозылар. Ал лақтар қалай дыбыстайды? "Ме-ме". Қане, жүгіреміз, сосын тоқтаймыз. Шаршадық ба? Отырайық.»

Негізгі

«Қонаққа шақыру және алғыс»

Міндеті: Сұрау, алғыс айту дағдыларын қалыптастыру.

Педагог нұсқаулығы: Логопед қолына қуыршақ алып, баланың қасына келеді. «Балалар, қуыршақ Айша қонаққа келді. Оған "Мә, ал" деп бауырсақ берейік. Ол бізге не дейді? "Рақ-мет" дейді. Қане, Айшадан су сұрайықшы: "Су бер"

Балалар логопедтің нұсқауына сәйкес қимылдайды. «Іш» дегенде ішкендей болады, «Іш-пе» дегенде бастарын шайқап, қолын алға созып тыйым салады. «Іш», «Пә (ішпе)» деп дыбыстайды.

Балалар бөлме ішінде секіріп, «Мә-мә», «Ме-ме» деп дыбыстайды. Логопед «Тоқта» дегенде бір орында тұра қалады.

Балалар қуыршаққа ойыншық тағамдарды ұсынып, «Мә», «Ал» дейді. Қуыршақтан бір затты «Бе (бер)» деп сұрайды және алғанда «Ма-мет (рақмет)» деп айтады.

Екі түрлі кесе, судың бейнесі.

Музыкалық әуен (қозылар маңыраған дыбыс).

Қуыршақ, ойыншық ыдыстар.

| | | | | |
|----------------------|---|--|--|--------------------------|
| <p>Бекіту</p> | <p>дендерші. Бергенде "Мә" деп алып, "Рақ-мет" деп басымызды иеміз.»</p> <p>«Сау бол, ауыл!» <i>Міндеті: Рефлексия және қоштасу дағдысын бекіту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Біздің тойымыз аяқталды. Қазақстанның ауылы қандай тамаша! Біз не іштік? Су іштік. Не дедік? Рақмет дедік. Енді үйге қайтатын уақыт болды. Қане, бәріміз әжеге және достарымызға қол бұлғап "Сау-бол!" дейік. Сау болыңдар, балалар!»</p> | <p>Балалар орындарынан тұрып, қолдарын бұлғайды. «Сау-бол», «По-қа (пока)» деп қоштасу сөздерін айтады. Сабақтан алған әсерлерін күлкімен білдіреді.</p> | | <p>Сюжетті суреттер.</p> |
|----------------------|---|--|--|--------------------------|

Тексерілді _____
әдіскер
« » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---|---|---|----------------------------|---|
| <p>Педагогтің аты-жөні</p> | <p>Курманбаева Айнур</p> | | | |
| <p>Күні</p> | | | | |
| <p>Топ: ересек</p> | <p>Қатысушылар саны:</p> | | <p>Қатыспағандар саны:</p> | |
| <p>Сабақтың тақырыбы:</p> | <p>Менің Қазақстаным</p> | | | |
| <p>Сабақтың мақсаты:</p> | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Етістіктің болымды және болымсыз түрін ажырату: «Іш», «Ішпе» сөзін әрекетпен көрсетуге үйрету; - қарым-қатынастық элементарлы ситуацияларына сұрау, алғыс айту, қоштасу үйрету; | | | |
| <p>Кезеңдер Ұйымдастыру</p> | <p>Педагогтың әрекеті «Көңілді достар» <i>Міндеті: Эмоционалды байланыс орнату және назарды шоғырландыру.</i></p> | <p>Баланың әрекеті Балалар бір-бірінің қолдарын ұстайды. Логопедтің</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Көңілді музыка, әженің алжапқышы</p> |

Негізгі кезең

Педагог нұсқаулығы: Логопед балаларды шеңберге тұрғызады. «Сәлем, достарым! Бүгін біз қайтадан ауылға барамыз. Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын! Қане, бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, "Сә-лем" деп айтайықшы. Біз бүгін әжеге көмектесеміз. Сендер дайынсыңдар ма? "Иә" деңдерші!»

Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



соңынан «Сә-лем», «Иә» деп жауап береді.

педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

(логопед киіп алады).

Айна

Негізгі

«Су құй - Су құйма» ойыны

Міндеті: Етістіктің болымды және болымсыз түрін ажыратуды бекіту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед ортаға екі гүл қояды: бірі — тірі (немесе әдемі макет), екіншісі — қағаздан жасалған «ойыншық» гүл. «Балалар, мынау әдемі гүл, оған су **құй** (құю қимылын көрсетеді). Ал мынау үстел, оған су **құйма!** (қолын сермеп, жоқ деген ишарат жасайды). Қане, қайталаймыз: Гүлге — құй! Үстелге — құйма!»



Балалар қолдарына бос құмыраны алып, гүлге «құй» деп қимылдайды. Үстелге келгенде «Құй-ма» немесе «Жоқ» деп бастарын шайқайды.

Ойыншық құмыра (лейка), гүлдер, үстел.

Негізгі

«Сыйла - Сыйлама» ойыны

Міндеті: Әлеуметтік ситуацияда сұрау және таңдау жасауды үйрету.

Педагог нұсқаулығы: Логопед себетке жақсы алмаларды және «бұзылған» (қара қағаз жапсырылған) алмаларды салады. «Қарандар, мынау жақсы алма. Мұны досыңа **бер** (ұсыну). Ал мынау жаман алма, мұны **берме!** Қане, досыңнан сұра: "Алма бер". Ол саған жақсысын берсе — "Рақ-мет" де, жаманын берсе — "Жоқ, берме" де.»

Балалар кезекпен алма таңдайды. «Бер» деп сұрайды. Алғанда «Ма-мет (рақмет)» дейді. Жаман алманы көргенде «Пә (берме)» деп бас тартады.

Алма макеттері, себет.

Негізгі

«Жаңбыр жауды» (Сергіту сәті)

Міндеті: Ритмді сезіну және дыбысқа еліктеу.

Педагог нұсқаулығы: «Ой, жаңбыр басталды! Саусақтарымызбен үстелді ұрайық: тырс-тырс. Жаңбыр

Балалар саусақтарымен үстелді ұрып, дыбыс шығарады. Тез және баяу қарқынды қайталайды. Қолдарын жоғары созып,

Жаңбыр дыбысы (аудио).

| | | | | |
|-----------------------|---|--|--|---|
| <p>Негізгі</p> | <p>қатты жауды: ТЫРС-ТЫРС! Енді тоқтады. Күн шықты, созыламыз. Күнге қарап: "Ах, әдемі!" дейік.»</p> <p>«Әже, алшы!» <i>Міндеті: Қарым-қатынастағы сыпайылық пен сөйлеуді дамыту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед әженің кейіпінде отырады. «Балалар, мен шаршадым. Маған кесе беріңдерші. Кім береді? "Әже, мә, ал" деп айтыңдар. Мен сендерге "Рақмет" деймін. Ал мынау пышақ, мұны маған берме, ол қауіпті. Пышақты — берме, кесені — бер!»</p> | <p>«Ах», «Ә-де-мі» деп таңданыс білдіреді.</p> <p>Балалар кезекпен кесені әжеге ұсынып, «Мә», «Ал» дейді. Логопед пышақты (ойыншық) сұрағанда, балалар «Жоқ» немесе «Беме (берме)» деп жауап береді.</p> | | <p>Ойыншық ыдыстар, қауіпсіз ойыншық пышақ.</p> |
| <p>Бекіту</p> | <p>«Қоштасу рәсімі» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және алғыс білдіру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Балалар, сендер керемет көмекшісіңдер! Бүгін біз не істедік? Су құйдық. Әжеге көмектестік. Енді бәріміз бір-бірімізді құшақтап: "Мен жақсымын, сен жақсысың" дейікші. Ауылмен қоштасамыз. Сау болыңдар!»</p> | <p>Балалар өздерін құшақтап, «Жақ-сы» деп қайталайды. Логопедке және достарына қол бұлғап, «Сау-бол» деп бөлмеден шығады.</p> | | <p>Жүрекше пішінді стикерлер.</p> |

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---------------------------------------|--|--|---------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: МАД | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Дауыс ырғағы бойынша баланы хабарлы сөйлемдердің интонациясын тыңдап қайталауға дағдыландыру; - Баланы сөйлеу тілінде қарапайым тенеулерді (мысалы: күн – алтын, су – мөлдір) тыңдап түсінуге және қайталауға дағдыландыру; | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Сиқырлы кілемше» <i>Міндеті: Психологиялық ахуал орнату және жаңа тақырыпты таныстыру.</i></p> | <p>Баланың әрекеті Балалар кілемшеге жайғасады. Логопедтің нұсқауын тыңдап, «О-тан», «Жер» деген сөздерді қайталайды. Желдің дыбысын «Ф-ф-ф» деп салады.</p> | Бағалау | Ресурстар |
| Негізгі кезең | <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед ортаға үлкен қазақы өрнекті кілемшені жаяды. «Балалар, қараңдаршы, бұл — сиқырлы кілемше. Біз бүгін осы кілемшемен біздің үлкен еліміз — Қазақстанға саяхатқа шығамыз. Қазақстан — біздің Отанымыз. Біздің жеріміз өте кең, табиғаты өте сұлу. Қане, бәріміз кілемшеге отырып, көзімізді жұмайық. Ұштық! (Логопед желдің дыбысын салады: ф-ф-ф).»</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p> | <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> | | <p>Қазақы нақыштағы кілемше, желдің дыбысы (аудио).</p> <p>Айна</p> |



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



«Менің елім қандай?»

Міндеті: Лексикалық тақырып бойынша сөздік қорын (Отан, ту, қала) молайту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед кілемшеден «түсіп», Қазақстанның рәміздері мен әдемі жерлерінің суреттерін көрсетеді. «Балалар, қараңдар! Мынау — біздің Көк ту. Мынау — Астана қаласы. Ал мынау — биік тау. Қайталайық: Ту. Тау. Қа-ла. Бұл — біздің Қазақстан! Менің елім — үлкен. Сенің елің — әдемі!»

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар суреттерді тамашалайды. Логопедтің соңынан жай сөйлемдерді еліктеу арқылы қайталайды: «Ту көк», «Тау би-ік», «Бұл Қа-зақ-стан».

Қазақстан картасы, ту, Астана және табиғат суреттері.

Негізгі



Негізгі

«Қайтала, жаңғырық!»

Міндеті: Хабарлы сөйлемдердің интонациясын тыңдап қайталауға дағдыландыру.

Педагог нұсқаулығы: Логопед алақанын аузына қойып, таудағы жаңғырық сияқты сөйлейді. «Балалар, біз таудамыз. Мұнда жаңғырық бар. Мен қалай сөйлесем, сендер де солай жай ғана қайталаңдар. "Бұл — менің жерім" (төмен дауыспен, баяу). "Күн — жылы" (салмақты интонациямен). "Мен — ба-ла-мын" (жай дауыспен).»



Негізгі

«Тұлпарлар шабысы» (Сергіту сәті)


Міндеті: Жалпы моториканы дамыту және сөйлеу ритмін қалыптастыру.

Балалар логопедтің дауыс ырғағына (тембр, қарқын) салып, сөйлемдерді қайталайды. Дауысты қатты көтермей, хабарлы сөйлемнің аяқталуын интонациямен білдіруге тырысады.

Таудың бейнесі, жаңғырық дыбысы.

Балалар қимыл-қозғалыспен аттың шабысын көрсетеді. «Шап-шап», «С-с-с», «Тық-тық» дыбыстық тіркестерін ритммен қайталайды.

Қамшы (макет), аттың суреті.

| | | | |
|-----------------------|---|--|---|
| | <p>Педагог нұсқаулығы: «Далада тұлпарлар шауып барады. Біз де атқа мінейік. Қолмен тізгін ұстаймыз. Шап-шап! (Орындарында секіреді). Тоқтадық! Аттар су ішті: С-с-с. Енді жай жүреміз: тық-тық-тық.»</p>  <p>«Сыйқырлы теңеулер» <i>Міндеті: Қарапайым теңеулерді (күн – алтын, су – мөлдір) түсіну мен қайталауға дағдыландыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед сары түсті шеңберді (күн) және мөлдір суы бар стақанды көрсетеді. «Балалар, қараңдаршы, Қазақстанда күн өте жарық. Күн — алтын сияқты (сары түсті көрсетеді). Қайталайық: Күн — ал-тын. Ал өзендегі су қандай таза! Су — мөл-дір. Қайтала: Су — мөл-дір. Шөп — жа-сыл. Жер — кең.»</p> | | |
| <p>Негізгі</p> | <p>«Отанға сыйлық» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және рефлексия жасау.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед ортаға Қазақстан картасының макетін қояды. «Балалар, біздің саяхатымыз аяқталды. Біз бүгін не көрдік? Күн — алтын, су — мөлдір екен. Егер сабақ ұнаса, картаның бетіне гүлдерді қойыңдар. Біздің еліміз қандай? Еліміз — ә-де-мі! Рақмет, балалар!»</p> | <p>Балалар заттарды сипаттайтын теңеулерді тыңдап, қайталайды. «Күн — ал-тын», «Су — мөл-дір» тіркестерін затты ұстап тұрып немесе көрсетіп айтады.</p> <p>Балалар картаға қағаз гүлдерді қояды. Логопедтің сұрағына «Ә-де-мі», «Көп», «Иә» деген сөздермен жауап береді. Қоштасу қимылын жасайды.</p> | <p>Сары шеңбер, мөлдір су, жасыл мата (шөп ретінде).</p> <p>Карта макеті, қағаз гүлдер.</p> |
| | | | |

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|---------------------------------------|---|--|---------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: МАД | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Дауыс ырғағы бойынша баланы хабарлы сөйлемдердің интонациясын тыңдап қайталауға дағдыландыру; - Баланы сөйлеу тілінде қарапайым теңеулерді (мысалы: күн – алтын, су – мөлдір) тыңдап түсінуге және қайталауға дағдыландыру; | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Ақ ниетпен қарсы алу»</p> <p><i>Міндеті: Эмоционалды байланыс орнату және жаңа сюжетке ену.</i></p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедпен амандасады. «Сә-лем», «Қош кел-дің» деген сөздерді қайталайды. Логопедке қарап жымыып, оң қолдарын кеудесіне қояды.</p> | Бағалау | <p>Ресурстар Әженің орамалы, ұлттық нақыштағы декорация.</p> |
| Негізгі кезең | <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед әженің кейпінде (иығына орамал жауып) балаларды қарсы алады. «Сәлеметсіңдер ме, балаларым! Менің ауылыма қош келдіңдер! Қазақстан — қонақжай ел. Қане, бәріміз бір-бірімізге "Қош кел-дің!" деп айтайықшы. Менің көңіл-күйім өте жақсы! Сендерде ше? Күлімдейікші!»</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p> | <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> | | <p>Айна</p> |



Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш»

Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.

Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді.

Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.



«Дастарқан байлығы»

Міндеті: Лексикалық қорды (сүт, құрт, бауырсақ) молайту.

Педагог нұсқаулығы: Логопед дастарқан үстіндегі заттарды көрсетеді. «Балалар, қараңдаршы! Мынау — ақ сүт. Мынау — домалақ құрт. Ал мынау — ыстық бауырсақ. Қайталайық: Сүт. Құрт. Бау-ыр-сақ. Бұл — біздің асымыз. Ас — дәмді. Дастарқан — бай!»

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар тағамдарды ұстап көреді. «Сүт», «Құрт», «Бау-сақ» деп сөздерді немесе буындарды анық айтуға тырысады.

Дастарқан, сүт, құрт, бауырсақ макеттері.

Негізгі



Негізгі

«Сыйқырлы сөйлемдер»

Міндеті: Хабарлы сөйлемнің интонациясын дұрыс қолдануға үйрету.

Педагог нұсқаулығы: Логопед қолына қуыршақты алып, оған бір затты ұсынады. «Балалар, мен қалай сөйлесем, сендер де солай салмақты айтыңдар. "Мен — шай іштім" (нүкте қойғандай нық). "Әже — бауырсақ берді" (жайбарақат). "Бұл — дәмді ас" (мақтанышпен). Қане, кезекпен қайталаймыз.»

Негізгі

«Киіз үй құрамыз» (Сергіту сәті)

Міндеті: Қимыл-қозғалысты сөзбен байланыстыру.

Педагог нұсқаулығы: «Қане, бәріміз бірігіп киіз үй тұрғызайық. Керегесін жаямыз (қолды жан-жаққа созу). Шаңырағын көтереміз (қолды төбеге біріктіру). Үйіміз қандай? Үйіміз — үл-кен. Үйіміз — жы-лы. Енді бәріміз билейік!»

Негізгі

«Тапқыр теңеулер»

Балалар логопедтің дауыс ырғағына еліктеп, сөйлем соңында дауысты бәсеңдетіп, хабарлы интонацияны қайталайды: «Мен шай іштім», «Ас дәм-ді».

Балалар логопедтің қимылын қайталап, қолдарын жоғары көтереді. «Үй үл-кен», «Үй жы-лы» деп сөз тіркестерін ритммен айтады.

Балалар заттарды ұстап көріп (күрттың қаттылығын, сүттің

Қуыршақ, ойыншық ыдыстар.

Қазақша әуен (домбыра).

Ақ қағаз (сүт үшін), тас

| | | | |
|----------------------|---|--|--|
| <p>Бекіту</p> | <p><i>Міндеті: Қарапайым теңеулерді (сүт – ақ, құрт – тас) түсіну мен қолдану.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Логопед заттарды салыстырады. «Балалар, қараңдар, сүт қандай? Сүт — ақ қардай. Қайталайық: Сүт — ақ. Құрт қандай? Құрт — тас сияқты қатты. Құрт — тас. Бауырсақ — күн сияқты сары. Бауырсақ — са-ры. Қайталаймыз: Сүт — ақ, құрт — қат-ты.»</p> <p>«Әжеге алғыс» <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және рефлексия.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Балалар, сендерге ауыл ұнады ма? Біз бүгін не істедік? Сүт — ақ дедік, құрт — тас дедік. Енді әжеге "Рақ-мет" айтып, сыйлық берейік. Мынау — әдемі тақия. Әже, мә, ал! (Сыйлау). Сау болыңыз!»</p> | <p>түсін), теңеулерді қайталайды: «Сүт ақ», «Құрт тас», «Бау-сақ са-ры». Түстер мен қасиеттерді есіне сақтайды.</p> <p>Балалар әжеге «Рақ-мет» айтып, қолдарын бұлғайды. Сабақ соңында «Сау-бол» деп қоштасады. Оларға сабақ ұнағанын «Мәз» немесе «Жақ-сы» деп білдіреді.</p> | <p>(құрт үшін), сары шеңбер.</p> <p>Ойыншық тақия, әженің бейнесі.</p> |
|----------------------|---|--|--|

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|----------------------|--|---|---------------------|--------------------------|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | | |
| Сабақтың мақсаты: | - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - ересекпен басталған сөйлемдерді аяқтай алуға үйрету (көруге сүйену негізінде); - қарым-қатынастың вербалды құралдарын белсендендіру. | | | |
| Кезеңдер | Педагогтың әрекеті | Баланың әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Ұйымдастыру | <p>«Алақай, саяхат!» <i>Міндеті: Баланың назарын аудару және оң эмоционалды көңіл-күй орнату.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Педагог қолына ұлттық киімдегі қуыршақты алып, балаларға жақындайды. «Сәлем, балақайлар! Қараңдаршы, бізге қонақ келді. Бұл — Әйгерім. Ол бізді әдемі еліміз — Қазақстанға шақырады. Қане, Әйгеріммен амандасайық: "Сә-лем!" дейік. Алақандарымызды шапалақтап, қуанайық. Алақай!»</p> | Балалар қуыршаққа қарап күлімсірейді. Қолдарын бұлғап, «Сә-лем» немесе «Ә-ем» деп қайталауға тырысады. Қолдарын шапалақтайды. | | Ұлттық киімдегі қуыршақ. |
| Негізгі кезең | <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p> | педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды. | | Айна |

| | | | | |
|-----------------------|--|---|--|---|
| |  | | | |
| | <p>Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш» <i>Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.</i> Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.</p>  | <p>Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.</p> | | |
| <p>Негізгі</p> | <p>«Сықырлы суреттер» <i>Міндеті: Тақырып бойынша сөздік қорын (Күн, Ту, Ат) молайту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Педагог үлкен карточкаларды көрсетеді. «Қараңдаршы, Қазақстанда күн өте ыстық. Мынау не? Бұл — Күн. Ал мынау көк — Ту. Мынау шауып бара жатқан — Ат. Қане, дыбыстайықшы: Күн — "ыс-тық", Ат — "шап-шап". Қазақстан — әдемі!»</p> | <p>Балалар суреттерге қарап, логопедтің соңынан жеңіл сөздерді қайталайды: «Күн», «Ту», «Ат». Аттың дыбысын салып, «Шап-шап» дейді.</p> | | <p>Күн, Ту, Ат бейнеленген ірі карточкалар.</p> |

| | | | | |
|-----------------------|--|--|--|---------------------------------|
| |  | | | |
| <p>Негізгі</p> | <p>«Сөйлемді аяқта» <i>Міндеті: Ересек адам бастаған сөйлемді көруге сүйеніп аяқтауға үйрету.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Педагог суретті көрсете отырып, сөйлемді бастайды да, соңғы сөзде кідіреді. «Қара, мынау биік ... (Тау). Мынау жасыл ... (Шөп). Мынау сары ... (Күн). Менің елім — ... (Қазақстан). Қане, суретке қарап айтшы, бұл не?»</p>  | <p>Балалар суретке қарап, логопед кідірген кезде тиісті сөзді айтады: «Тау», «Шөп», «Күн». Сөзді толық айта алмаса, буынын қайталайды.</p> | | <p>Заттық суреттер жинағы.</p> |
| <p>Негізгі</p> | <p>«Тұлпарлар» (Сергіту сәті) <i>Міндеті: Вербалды құралдарды (еліктеу сөздерін) белсендендіру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Біз атқа мінеміз. Қане, аяғымызды көтеріп жүрейік. "Шу, тұлпар!" дейміз. Ат қалай шабады? "Тік-төк, тік-төк". Тоқтадық! "Тпр-р". Ат су ішті. Жарайсыңдар!»</p> | <p>Балалар бөлме ішінде жүріп, «Шу», «Тпр-р» дыбыстарын шығарады. Қимылдарды еліктеу арқылы қайталайды.</p> | | <p>Ойыншық ат (таяқшадағы).</p> |

| | | | | |
|---------|---|---|--|--|
| Негізгі | <p>«Әйгерімнен сұра» <i>Міндеті: Қарым-қатынастың вербалды құралдарын (Мә, Бер, Ал) белсендендіру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Педагог балаға қуыршақпен қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды. «Әйгерімнің қолында алма бар. Одан сұрашы: "Алма бер" де. Ал енді Әйгерімге "Мә, ал" деп қайтарып бер. Ол саған "Рақмет" дейді. Сен де "Мә" деші.»</p> | Бала балаға қуыршақтан затты сұрап «Бе (бер)» дейді. Қайтарып бергенде «Мә» немесе «Ал» деп айтады. Вербалды қарым-қатынасқа түсуге тырысады. | | Ойыншық алма, қуыршақ. |
| Бекіту | <p>«Көңілді қоштасу <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және қоштасу дағдысын бекіту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: «Балалар, Әйгерімге саяхат ұнады. Ол бізге "Рақмет" айтып жатыр. Қане, бәріміз Әйгерімге және әдемі Қазақстанға қол бұлғайық: "Сау-бол!". Біздің ел — жақсы! Сау болыңдар!»</p> | Балалар қолдарын бұлғап, «Сау-бол», «Па-қа» деп қоштасады. Қуыршақты құшақтап, жақсы эмоцияларын білдіреді. | | Күннің суреті (стикер ретінде баланың қолына жабыстыру). |

Тексерілді _____
әдіскер
« » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | |
|---------------------|---|---------------------|--|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | |
| Күні | | | |
| Топ: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің Қазақстаным | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - ересекпен басталған сөйлемдерді аяқтай алуға үйрету (көруге сүйену негізінде); | | |

| | | | | |
|---|--|---|-----------------------|--|
| | - қарым-қатынастың вербалды құралдарын белсендендіру. | | | |
| <p>Кезендер Ұйымдастыру</p> <p>Негізгі кезең</p> | <p>Педагогтың әрекеті «Көңілді пойыз» <i>Міндеті: Сабаққа қызығушылық ояту және артикуляциялық еліктеуді дамыту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Педагог балаларды пойыз болып тізілуге шақырады. «Балақайлар, бүгін біз ауылға, әженің үйіне барамыз. Пойыз қалай дыбыстайды? "Ту-ту-у!". Ал дөңгелектері қалай жүреді? "Тақ-тұқ". Кеттік, біздің Қазақстан — өте үлкен! Ауылға жеттік!»</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p>  <p>Тыныс алу жаттығуы: «Әтеш» <i>Мақсаты: физиологиялық тынысты нығайту.</i> Логопед нұсқаулығы: Дем алғанда қолдарын екі жаққа көтереді. Дем шығарғанда жамбастарына соғып «ку-ка-ре-ку» дейді.</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедтің соңынан тізіліп, «Ту-ту», «Тақ-тақ» дыбыстарын қайталайды. Эмоционалды түрде саяхатқа қосылады.</p> <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> <p>Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Пойыздың ысқырығы (ойыншық).</p> <p>Айна</p> |



Негізгі

«Әженің үйі»

Міндеті: Лексикалық қорды (Әже, Мысық, Ит) молайту.

Педагог нұсқаулығы: Педагог киіз үй макетін және әже қуыршағын көрсетеді. «Қараңдар, бұл — Әже. Әженің үйінде мысық бар. Мысық қалай дыбыстайды? "Мияу". Ал ит қалай үреді? "Ау-ау". Қайталайық: Ә-же. Мы-сық. Ит. Олар ауылда тұрады.»

Негізгі

«Бұл кім?»

Міндеті: Сөйлемді көруге сүйене отырып аяқтауға жаттықтыру.

Педагог нұсқаулығы: Педагог жануарлардың суретін кезекпен көрсетеді. «Мынау үлкен ... (Ит). Мынау кішкентай ... (Мы-сық). Мынау мейірімді ... (Ә-же). Біздің ауылда бәрі ... (Дос). Қане, сен айтшы, мынау кім?»

Балалар суреттер мен макеттерге қарап: «Ә-же», «Ми-яу», «Ау-ау» деп жануарлардың дыбыстарын еліктеу арқылы атайды.

Бала бала логопед сөзді бастағанда суретке қарап, соңғы сөзді айтады: «Ит», «Ми-яу», «Ә-же». Сөзді толық айта алмаса, ишарамен көрсетеді.

Киіз үй макеті, әже қуыршағы, мысық пен иттің ойыншықтары.

Заттық карточкалар.



Негізгі

«Қошақандар» (Сергіту сәті)

Міндеті: Жалпы моториканы және дауыс белсенділігін дамыту.

Педагог нұсқаулығы: «Ауылда қошақандар секіреді. Қане, бәріміз секірейік! Олар қалай маңырайды? "Мә-мә-мә". Біз көңілдіміз, біз секіреміз! Тоқтадық, қошақандар ұйықтады.»

Негізгі

«Кімге не береміз?»

Міндеті: Қарым-қатынастың вербалды құралдарын («Мә», «Бер») белсендендіру.

Педагог нұсқаулығы: Педагог балаға «сүт» пен «сүйектің» макетін береді. «Мысық сүт сұрайды. Оған "Мә, іш" деші. Ит сүйек сұрайды. Оған "На, же" де. Ал әжеден нан сұрашы: "Бер" де. Жарайсыңдар!»

Бекіту

«Ауылмен қоштасу»

Міндеті: Сабақты қорытындылау және рефлексия.

Педагог нұсқаулығы: «Балақайлар, біз бүгін кімді көрдік? Әжені көрдік. Ит пен мысықты тамақтандырдық. Сендерге ұнады ма? Қане, әжеге "Сау-бол" дейік.

Балалар орындарында секіріп, «Мә-мә» деп дауыстарын шығарады. Логопед «ұйықтады» дегенде қолдарын беттеріне қойып тынышталады.

Бала ойыншық мысыққа сүт ұсынып «Мә», итке «На» дейді. Әжеден бір затты сұрағанда «Бе (бер)» деп айтады. Қимыл мен сөзді ұштастырады.

Балалар қолдарын бұлғап, «Сау-бол», «Па-қа» дейді. Жақсы көңіл-күймен логопедпен қоштасады.

Қошақанның макеті немесе суреті.

Сүт, сүйек, нан макеттері.

Күн стикерлері (марапат ретінде).

| | | | |
|---|--|--|--|
| Қолымызды бұлғайық. Біздің Қазақстан өте тамаша! Сау болыңдар!» | | | |
|---|--|--|--|

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|-----------------------------|--|---|-----------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Туған өлкем | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - дыбыс еліктеуден тұратын, қарапайым өтірік өлеңдер мен тақпақтарды жаттау. - қарым-қатынастың вербалды құралдарын белсендендіру. | | | |
| Кезеңдер ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Көңілді пойыз» <i>Міндеті: Баланың назарын аударып, эмоционалды байланыс орнату.</i></p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедтің соңынан тізіліп тұрады. Ботақанға қарап күлімдейді және «Ту-ту» дыбысын қайталап, қолдарымен пойыздың дөңгелегін көрсетеді.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Ойыншық Ботақан, пойыздың дыбысы жазылған аудио.</p> |
| Негізгі кезең | <p>Педагог нұсқаулығы: Балалар, қараңдаршы, бізге бүгін қонаққа кішкентай Ботақан келіпті! Ол бізді өзінің ауылына, туған өлкесіне шақырады. Туған өлке – бұл біздің үйіміз, ағаштар мен гүлдер. Кәне, бәріміз пойыз болып, Ботақанның ауылына барайық! «Чух-чух, ту-ту-у!». Міне, жеттік! Қандай әдемі!</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар <i>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту</i></p> | <p>педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.</p> | | <p>Айна</p> |



Тыныс алу жаттығуы: «Бақа»

Мақсаты: сөйлеу тынысын қалыптастыру.

Логопед нұсқаулығы: Бала секіріп, қонған кезде «ква» деп дыбыс шығарады.



«Табиғат дауысы»

Міндеті: «Туған өлкем» тақырыбы бойынша сөздік қорды молайту және дыбысқа еліктеу.

Педагог нұсқаулығы: Қарандаршы, бұл – біздің туған өлкеміздің табиғаты. Мұнда үлкен ағаштар бар. Жел соғады: «У-у-у» (логопед қолдарын шайқайды). Ал мынау

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар логопедтің қимылдарын қайталайды. Қолдарын жоғары көтеріп «У-у-у» дейді, саусақтарымен судың ағысын көрсетіп «Сыл-сыл» деп дыбыстайды.

Ағаш, бұлақ, құс бейнеленген ірі макеттер немесе суреттер.

негізгі

– таза бұлақ. Су қалай ағады? «Сіл-сіл, сылдыр-сылдыр». Аспанда торғай ұшады: «Шиқ-шиқ». Кәне, бәріміз бірге қайталайық: жел «У-у-у», су «Сыл-сыл».



негізгі

«Қайтала, досым!»

Міндеті: Дыбыс еліктеуден тұратын қарапайым тақпақты жаттау.

Педагог нұсқаулығы: Біздің Ботақан өлең айтқанды жақсы көреді. Кәне, Ботақанмен бірге тақпақ айтайық:

«Мә-мә-мә» – дейді қошақан,

«Мө-мө-мө» – дейді бұзауқан.

«Шу-шу-шу» – дейді тұлпарым,

Туған өлкем – іңкәрім!

Балалар логопедпен бірге тақпақтың дыбысқа еліктеу бөліктерін қайталайды: «Мә-мә», «Мө-мө», «Шу-шу». Ырғаққа сай қолдарын шапалақтайды.

Қошақан, бұзау,
тұлпар
ойыншықтары.

| | | | |
|---------|---|---|---|
| негізгі | <p>Қалай дейді қошақан? «Мә-мә-мә». Қалай шабады тұлпар? «Шу-шу!».</p> <p>«Көңілді секіру» (Сергіту сәті) <i>Міндеті: Жалпы моториканы дамыту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Жайлауда қояндар секіріп жүр екен.</p> <p>Ұзын құлақ қояндар (құлақты көрсету),</p> <p>Топ-топ-топ секіреді.</p> <p>Күнді көріп қуанады,</p> | Балалар бастарын қолмен бүркеп «құлақ» жасайды, екі аяқпен секіреді және «А-қай» (Алақай) деп қуаныштарын білдіреді. | Қоянның құлақшалары (маска). |
| негізгі | <p>«А-ла-қай!» деп секіреді! «Маған берші»</p> <p><i>Міндеті: Қарым-қатынастың вербалды құралдарын (сұрау) белсендендіру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Балалар, Ботақан бізге туған өлкеміздің алмаларын әкеліпті. Алманы алғыларың келе ме? Кәне, менен сұраңдаршы. «Мә, бер» деп қолыңды соз (логопед қимылмен көрсетеді). «Апа, бер», «Маған бер». Алманы алғанда не дейміз? «А-мет» (Рақмет). Кәне, кезекпен сұрайық.</p> | Балалар логопедке жақындап, қолдарын созып: «Бе» (Бер), «А-па, бе» (Апа, бер) деп сұрайды. Алманы алғанда басын иіп «А-мет» (Рақмет) дейді. | Себеттегі ойыншық алмалар немесе муляждар. |
| негізгі | <p>Қосымша: «Кім тығылды?»</p> <p><i>Міндеті: Зейін мен сөйлеуді ынталандыру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Қараңдаршы, ағаштың артында біреу тығылып тұр. Құлағы көрінеді. Бұл кім? «Қо-ян». Ал мынау ше? «Ки-із үй». Кім тапты? «Мен».</p> | Балалар жасырылған заттарды тауып, «Қо-ян», «Үй» деп атайды. Логопедтің «Кім тапты?» деген сұрағына өздерін көрсетіп «Мен» дейді. | Ағаш макеті, қоян мен киіз үйдің кішкентай мүсіндері. |

| | | | |
|--------|--|---|--------------------------|
| бекіту | <p>«Қоштасу» (Рефлексия)</p> <p><i>Міндеті: Сабақты қорытындылау.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Біздің саяхатымыз аяқталды. Біз не көрдік? «Ағаш», «Бота». Қалай сөйледік? «Ту-ту», «Мә-мә». Ботақанға «Сау бол» дейікші. Қолымызды бұлғаймыз. Сау бол, Ботақан! Сау болыңдар, балалар!</p> | <p>Балалар логопедтің сұрақтарына «Бо-та», «Үй» деп жауап береді. Қолдарын бұлғап «Ау-бол» (Сау бол) деп қоштасады.</p> | <p>Ботақан ойыншығы.</p> |
|--------|--|---|--------------------------|

Тексерілді _____
әдіскер
« » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|----------------------|--|--|-----------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнұр | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Туған өлкем | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - дыбыс еліктеуден тұратын, қарапайым өтірік өлеңдер мен тақпақтарды жаттау. - қарым-қатынастың вербалды құралдарын белсендіріу. | | | |
| Кезеңдер ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Атқа мінейік»</p> <p><i>Міндеті: Сабаққа қызығушылық ояту және қимыл-қозғалысты белсендіріу.</i></p> | <p>Баланың әрекеті Балалар атқа мінгендей секіреді, тілдерімен аттың тұяқ дыбысын салады. Көңілді күймен «Топ-топ» деп қайталайды.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Аттың басы бейнеленген таяқшалар немесе сурет.</p> |

Негізгі кезең

Педагог нұсқаулығы: Балалар, бүгін біз Ботақанның достарына барамыз. Олар алыста тұрады, сондықтан бәріміз «атқа» мінейік. Ат қалай шабады? «Шап-шап, топ-топ». Тілді таңдайға жапсырып «тық-тық» етейікші. Міне, ауылдың қорасына да жеттік. Мұнда кімдер тұрады екен?

Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Бақа»

Мақсаты: сөйлеу тынысын қалыптастыру.

Логопед нұсқаулығы: Бала секіріп, қонған кезде «ква» деп дыбыс шығарады.



педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Айна

негізгі

«Кім қалай дыбыстайды?»

Міндеті: Жануарлардың атауын бекіту және дыбысқа еліктеуді дамыту.

Педагог нұсқаулығы: Қараңдаршы, мынау – «Сиыр». Ол қалай мөңірейді? «Мө-ө-ө». Ал мынау – «Қой». Ол қалай маңырайды? «Мә-мә-мә». Мынау – «Ит». Ол үйді қорғайды: «Аф-аф». Кәне, бәріміз сиыр сияқты «Мө-ө» дейікші. Ит қалай үреді?



Балалар жануарлардың мүсіндерін ұстап көреді. Логопедтің артынан «Мө-ө», «Мә-мә», «Аф-аф» дыбыстарын ырғақпен қайталайды.

Сиыр, қой, иттің ойыншықтары немесе ірі суреттері.

негізгі

«Көңілді тақпақ»

Міндеті: Дыбыс еліктеуі бар қарапайым тақпақты жаттау.

Педагог нұсқаулығы: Кәне, біздің жануарлар туралы жаңа тақпақ үйренейік:

«Пип-пип-пип» – балапан,

«Құр-құр-құр» – тауыққан.

«Шиқ-шиқ-шиқ» – торғайым,

Балалар логопедтің соңынан дыбыстық бөліктерді қайталайды. Қолдарымен балапанның қанатын жасап, «Пип-пип» деп дыбыстайды.

Балапан мен тауықтың суреттері.

| | | | |
|----------------|---|--|--|
| <p>негізгі</p> | <p>Аман болсын туған ортам!</p> <p>Балапан қаай айтады? «Пип-пип». Торғай қалай ұшады? «Шиқ-шиқ».</p> <p>«Бұзауқандар» (Сергіту сәті) <i>Міндеті: Жалпы моториканы дамыту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Жайлауда бұзаулар ойнап жүр.</p> <p>Кішкентай бұзаулар (жүрелеп отыру),</p> <p>Мө-мө-мө дейді.</p> <p>Оңға қарай бұрылады,</p> <p>Солға қарай бұрылады!</p> | <p>Балалар жүрелеп отырады, бастарын екі жаққа бұрып «Мө-мө» дейді және орындарынан секіріп тұрады.</p> | <p>Сиырдың мүйізі бейнеленген ободоктар.</p> |
| <p>негізгі</p> | <p>«Жем берейік» <i>Міндеті: Вербалды сұраныстарды («Мә», «Ал», «Бер») белсендендіру.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Жануарлардың қарны ашыпты. Оларға шөп пен дән берейік. Мынау – сиырға «Мә, ал». Мынау – балапанға «Мә, же». (Логопед балаға береді). Кәне, сен де сиырға берші: «Мә, же» де. Енді менен сұра: «Бер», «Шөп бер».</p> | <p>Балалар ойыншық жануарларды «тамақтандырады». «Мә», «Мә, же», «Бе» (Бер) деп қарапайым вербалды қарым-қатынасқа түседі.</p> | <p>Муляж шөптер, дән салынған ыдыстар.</p> |
| <p>негізгі</p> | <p>Қосымша: «Дыбысты тап» <i>Міндеті: Есту қабілетін дамыту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Қазір мен экранның артына тығыламын да, бір жануардың даусын саламын. Сендер кім</p> | <p>Балалар дыбысты тыңдап, тиісті жануардың суретін нұсқайды және «Қой», «Ит» деп атауға тырысады.</p> | <p>Дыбыс шығаратын ойыншықтар немесе логопедтің даусы.</p> |

| | | | | |
|---------------|--|--|--|------------------------|
| бекіту | <p>екенін табындар. «Мә-мә-мә». Бұл кім? «Қой». «Аф-аф». Бұл кім? «Ит».</p> <p>«Жылы қоштасу» (Рефлексия)</p> <p><i>Міндеті: Сабақты қорытындылау.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Саяхатымыз аяқталды. Біз кімді көрдік? «Сиыр», «Қой» көрдік. Олар қалай дыбыстады? «Мө», «Мә». Ботақанға «Рақмет» айтайықшы. «А-мет». Сау болыңдар, балалар!</p> | Балалар «Мө», «Мә» деп қайталайды. Логопедке қарап «А-мет» дейді және қолдарын бұлғап қоштасады. | | Түрлі-түсті стикерлер. |
|---------------|--|--|--|------------------------|

Тексерілді _____
 әдіскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|-------------------------|--|--|-----------------------|---|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: орта | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Туған өлкем | | | |
| Сабақтың мақсаты: | <ul style="list-style-type: none"> - «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - «Менің допшам», «Анасының сөмкесі» сөйлемдерін қолдануға үйрету; - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету:өтініш, алғыс білдіруге оқыту (Рақмет, Өтінемін); | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Сәлемдесу саяхаты» <i>Міндеті: Психологиялық ахуал орнату және тақырыпты ашу.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Балалар, бүгін біз туған өлкемізге, яғни өзіміз тұратын ауылға/қалаға саяхатқа шығамыз! Қараңдаршы, айнала қандай тамаша! Күн бізге күлімдеп қарап тұр. Күнге қарап күлімдейікші. Біздің туған өлкеміз өте үлкен және әдемі. Онда таулар, гүлдер және біздің достарымыз бар. Саяхатқа дайынсыңдар ма?</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар логопедке қарап күлімдейді, «Иә» немесе басын изеу арқылы жауап береді. Қолдарын жайып, туған өлкенің кеңдігін көрсетеді.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Күннің суреті, туған өлке табиғатының макеті немесе слайд.</p> |



Негізгі кезең

Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Бақа»

Мақсаты: сөйлеу тынысын қалыптастыру.

Логопед нұсқаулығы: Бала секіріп, қонған кезде «ква» деп дыбыс шығарады.

педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Айна

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.



Негізгі

«Сиқырлы айнала»

Міндеті: «Туған өлкем» тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту.

Педагог нұсқаулығы: Жолда келе жатып, біз әдемі заттарды көреміз. Мынау не? Бұл – тау. Мынау не? Бұл – гүл. Мынау не? Бұл – үй. (Логопед заттарды көрсетіп, балалардан қайталауды сұрайды). Ал мынау біздің туған жеріміз! Қайталаңдаршы: «Жер», «Су», «Тал».

Негізгі

«Кімдікі?» ойыны

Міндеті: «Менің допшам», «Анасының сөмкесі» сөйлемдерін қолдануға үйрету.

Педагог нұсқаулығы: Біз саяхатта жүріп достарымызды кездестірдік. Міне, қоян доппен ойнап жүр. Мынау кімнің добы? Бұл – «Менің допшам» деп айтайықшы. Ал мына жерде Ана аю сөмкесін ұмытып кетіпті. Бұл не? Бұл – «Ананың сөмкесі». Кәне, қайталайық, доп кімдікі? Сөмке кімдікі?

Негізгі

«Көңілді сергіту»

Балалар көрсетілген заттарды атауға тырысады: «Тау», «Гүл», «Үй», «Су». ОНР 1 деңгейіне сай сөздерді бұзып айтуы мүмкін (мысалы, «тө», «гү»).

Балалар допты ұстап тұрып: «Ме-ің доп», «А-на сөм-ке» деп 2-3 сөзден тұратын фраза құрастыруға тырысады.

Балалар логопедтің артынан қимылдарды қайталайды, қолдарын

Тау, гүл, үй, ағаш бейнеленген фетрден жасалған көрнекіліктер.

Ойыншық доп, кішкентай ойыншық сөмке, аю мен қоянның маскалары.

Көңілді әуен.

| | | | |
|-----------------------|---|--|---|
| <p>Негізгі</p> | <p><i>Міндеті: Жалпы моториканы дамыту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Саяхатшылар шаршады, демалайық!</p> <p>Оңға қарай иілеміз,</p> <p>Солға қарай иілеміз</p> <p>Күнді көріп қуанып, Досымызға күлеміз!</p> <p>«Сыйлық берейік» <i>Міндеті: Мимика мен пантомимика арқылы «Рақмет», «Өтінемін» сөздерін үйрету.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Балалар, біз туған өлкеміздің табиғатына гүл сыйлайық. Гүлді алғанда «Өтінемін» деп сұраймыз (қолымызды жайып, ишара жасаймыз). Ал гүлді алғаннан кейін қуанып, «Рақмет» дейміз. Қараңдаршы, менің бетім қандай қуанышты! Сендер де қуаныңдаршы. «Рақмет» деп басымызды иеміз.</p> | <p>жоғары көтереді, бір-біріне қарап күледі.</p> <p>Балалар гүлді сұрағанда қолдарын созып, бет-әлпетімен «өтіну» мимикасын жасайды. Сыйлықты алғанда күлімсіреп, «А-мет» (Рақмет) деп айтады.</p> | <p>Жасанды гүлдер.</p> |
| <p>Негізгі</p> | <p>Қосымша: «Дыбысты тап» <i>Міндеті: Фонематикалық есту қабілетін дамыту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Туған өлкеде жел соғады: «У-у-у». Аралар ұшады: «Ж-ж-ж». Қазір мен дыбыс шығарамын, сендер соны қайталап, қимылмен көрсетіндерші.</p> | <p>Балалар дыбыстарды естіп, қолдарын бұлғап желді, саусақтарымен араның ұшуын көрсетеді.</p> | <p>Дыбыс шығаратын ойыншықтар.</p> |
| <p>Бекіту</p> | <p>«Сиқырлы дорба» (Рефлексия) <i>Міндеті: Сабақты қорытындылау және кері байланыс.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Біздің саяхатымыз аяқталды. Туған өлкеміз қандай әдемі екен! Біз не көрдік? Тау көрдік, гүл</p> | <p>Балалар сұрақтарға бір сөзбен «Тау», «Гүл» деп жауап береді.</p> | <p>Түрлі-түсті стикерлер немесе гүлдер.</p> |

көрдiк. Кiмге рақмет айттық? Сендерге сабақ ұнады ма?
 Ұнаса, гүлді жоғары көтерiңдер! Рақмет, балалар!



Қуаныштарын бiлдiрiп,
 гүлдерiн жоғары көтередi.

Тексерiлдi _____
 әдiскер
 « » _____ 2026 жыл

Түзете-дамыту сабағының жоспары

| | | | | |
|-------------------------|--|--|-----------------------|--|
| Педагогтің аты-жөні | Курманбаева Айнур | | | |
| Күні | | | | |
| Топ: орта | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Туған өлкем | | | |
| Сабақтың мақсаты: | - «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - «Менің допшам», «Анасының сөмкесі» сөйлемдерін қолдануға үйрету; - Мимика және пантомимика арқылы басты эмоцияларды көрсету: өтініш, алғыс білдіруге оқыту (Рақмет, Өтінемін); | | | |
| Кезеңдер Ұйымдастыру | <p>Педагогтың әрекеті «Жолға дайындық» <i>Міндеті: Зейінді шоғырландыру және қызығушылықты ояту.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Балалар, біз саяхатымызды жалғастырамыз! Бүгін біз туған өлкеміздің орманына және өзеніне барамыз. Кәне, бәріміз «рөлге» отырайық (көлікті басқару ишарасы). Біз немен барамыз? Машинамен! «Би-бип!» деп сигнал береміз. Міне, орманға да жеттік!</p> | <p>Баланың әрекеті Балалар қолдарымен рульді ұстап, «Би-би» деп дыбыстайды. Логопедтің соңынан қайталап, орманға келгендей таңғалыс білдіреді.</p> | <p>Бағалау</p> | <p>Ресурстар Ойыншық руль немесе суреттер.</p> |

Негізгі кезең

Артикуляциялық жаттығулар

Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту



Тыныс алу жаттығуы: «Бақа»

Мақсаты: сөйлеу тынысын қалыптастыру.

Логопед нұсқаулығы: Бала секіріп, қонған кезде «ква» деп дыбыс шығарады.



Негізгі

«Орманда не өседі?»

Міндеті: Зат есімдер мен сын есімдер арқылы сөздік қорын молайту.

педагогтың нұсқаулығымен әр жаттығуды 5-6 реттен анық, нақты орындайды.

Логопедтің нұсқаулығы бойынша тыныс алу жаттығуын терең, анық орындайды.

Балалар ағашқа қарап қолдарын жоғары созады («Ү-кен»), шөпке қарап еңкейеді. «А-аш», «Шөп», «Жа-сыл» деп қайталайды.

Айна

Ағаш пен шөптің макеттері немесе муляждары.

Педагог нұсқаулығы: Қарандаршы, орманда үлкен ағаштар бар. Мынау не? Бұл – «Ағаш». Ал мынау кішкентай не? Бұл – «Шөп». Ағаш қандай? Ағаш – «Үлкен». Шөп қандай? Шөп – «Жасыл». Қайталаңдаршы: «Үлкен ағаш», «Жасыл шөп».



Негізгі

«Менің қармағым»

Міндеті: «Менің ...», «Анасының ...» құрылымдарын бекіту.

Педагог нұсқаулығы: Біз өзенге келдік. Мұнда балық аулаймыз. Мынау кімнің қармағы? Мынау – «Менің қармағым». Ал мынау Ана қаздың балапанына әкелген шелегі. Бұл не? Бұл – «Ананың шелегі». Кәне, қармақты ұстап: «Менің қармағым» деп айтайықшы.

Негізгі

«Көңілді қайық» (Сергіту сәті)

Міндеті: Динамикалық кідіріс пен ырғақты сезіну.

Педагог нұсқаулығы: Енді өзенде қайықпен жүземіз. Ескекті есеміз (қолмен есу),
Суға бетімізді жуамыз (бетті сипау).
Толқын келеді – «Шалп-шалп»,
Балық секіреді – «Топ-топ»!

Балалар ойыншық қармақты ұстап: «Ме-ің қармақ», «А-на ше-лек» деп қысқа фразамен жауап береді.

Балалар есу қимылдарын жасайды, «Шалп-шалп», «Топ-топ» деп еліктеуіш сөздерді ырғақпен айтады.

Ойыншық қармақ, шелек, балықтар (магнитті).


Су дыбысы жазылған аудио.

| | | | |
|---------|---|--|---|
| Негізгі | <p>«Кім ренжіді, кім қуанды?» <i>Міндеті: Эмоцияларды ажырату және «Рақмет», «Өтінемін» сөздерін ситуацияда қолдану.</i></p> <p>Педагог нұсқаулығы: Орманда тиін жаңғағын жоғалтып алып, мұңайып тұр (мұңды мимика). Оған көмектесейікші. «Мә, тиін, алшы» дейміз. Тиін қуанып: «Рақмет!» дейді. Тиін бізден тағы су сұрайды: «Өтінемін, су берші». Тиінге су берейікші.</p> | Балалар тиінге қарап мұңайып, сосын күлімдейді. Жаңғақты беріп жатып «А-мет» (Рақмет) және «Өті-іш» (Өтінемін) деп айтады. | Ойыншық тиін, жаңғақ, су құятын ыдыс. |
